Кем стать вопроса не было; она выросла в творческом окружении, где папа был военным журналистом, мама работала литсотрудником газеты «Ленинская смена», старший брат стал именитым художником. Так что искорка влечения к журналистике пробежала с детства. Атмосфера творчества, личные задатки, сильная мотивация – и мечта о будущей профессии материализовалась – стала журналистом.

Её часто хвалили учителя, знакомые, одноклассники, что тоже вдохновляло и воодушевляло. С восьмого класса регулярно сотрудничала с редакцией Кировского радио в России, а со второго курса ежедневно практиковалась в редакции пропаганды Казахского радио в районе алматинской площади Респубблики. И каждый день делала новости. Трудновато современным студентам объяснить, кто такой «репортёр». У них при себе лёгкие сотки, а тогда была тяжёлая бандура-магнитофон, которую репортёр брал в радиоредакции, а ещё под роспись бобины с плёнкой, за которые потом отчитывался. Когда



90 лет газете «Дружные ребята»



На Краевских чтениях

журналист шёл на задание, важно было не только раздобыть яркую информацию, но и качественно записать на магнитную ленту звук, чтобы в эфире передача прозвучала ярко и чётко.

Цель ясна, в будущем мастер слова и обучения уверенно воплощала мечты в жизнь. Поскольку глава семьи был военным, колесили по стране, но удачно к учёбе дочери вернулись в родные алматинские пенаты, где Лариса появилась на свет.

## Навсегда с родным университетом

Когда позади осталась школьная парта, последовало успешное поступление в университет и усиленная учёба. В середине 80-х годов прошлого века цвет университетской интеллигенции преподавал на журфаке языки, литературу, историю. Никто ныне не отрицает, что модель обучения была канонической и идеологизированной, не хватало свободы и практики, впрочем, с практикой тяжело до сих пор. Быть журналистом и держать марку – значит писать, снимать, комментировать каждый день.

Картинки из прошлого. Лариса Павловна вспоминает студенческие годы. Преподаватель заходит в аудиторию, проверяет студентов по списку и задаёт самый каверзный вопрос: «Кто готов?». В ответ – тишина и потерянные взгляды. «Тогда идём по списку, что еще делать, отвечает ... Лариса Нода». И она отвечает, да так, что материал «от и до» отскакивает от зубов. В следующий раз ситуация повторяется. На третьей неделе, похоже, у преподавателя азарт, мол, а может, Нода не готова? Готова. Всегда готова. И так по любому предмету из университетской программы, даже самому трудному. И дело не в том, что раньше можно было просто выучить учебник и достаточно

для «отлично», лишь бы не забыть названия и даты, а в том, что она всегда хотела дойти до сути. Такова одна из черт характера.

После завершения учёбы работу искать не пришлось – на распределении ректор У.Джолдабеков направил её преподавать на журфак, так и осталась в родном вузе.

Дороги журналиста и педагога переплелись у Ларисы Павловны. Ни на минуту не бросая журналистскую практику, после окончания университета (в то время КазГУ) в альма-матер сразу вернулась преподавателем на кафедру истории журналистики.

Её фирменным коньком стал предмет «История мировой журналистики», потом уже и современные курсы «Информационная журналистика», «Аналитическая журналистика», «Инструменты эффективной коммуникации», «Основы журналистского творчества», «Расследовательская журналистика», «Деловые коммуникации», «Арт-журналистика». «Творческая индивидуальность в журналистике» и ещё множество других важных учебных дисциплин.

Нода прошла научные стажировки в Санкт-Петербургском гуманитарном университете, Московском городском педагогическом университете, Московском государственном социально-гуманитарном институте, университете Акдениз (Турция). Читала лекции в МГОСГИ (Московском социально-гуманитарном институте, сейчас – ГСГУ).

## Студенты верят и любят

С 1986 года по расписанию каждый день стабильно заходит в аудиторию журфака на втором этаже в главном университетском корпусе.

На занятиях Ларисы Павловны Ноды всегда движуха. За журналистикой регулярно тянулся шлейф романтики, но кто понюхал пороха этой профессии, знает всю подноготную. Поэтому студентам сразу надо объяснить, доказать, показать, что всегда в этом деле остаётся главным, что мимикрирует, а что наносное и через ка-

кой-то период может поменяться на новые тренды.

Каждый урок – новая тема, за весь семестр 15 ступеней вверх к постижению профессиональных секретов, и каждый раз это будут или новое открытие, или новое прочтение для студентов.

Рассказывает Лариса Павловна захватывающе, любая порция материала сопровождается интересными примерами, причём такими яркими, что выпускники потом запоминают навсегда. А далее – только практика. Каждый нюанс студенты должны не просто запомнить, а сами применить тут же, на занятии, чтобы в будущем уметь «взвесить» общественную значимость факта, выстроить логическую цепочку проверки и отбора компетентных комментаторов, придумать яркий лид, который зацепит аудиторию.

В 2006 году Л.П. Нода стала дипломантом конкурса по журналистике, в 2007 году после активной многолетней работы в составе коллектива авторов фундаментальной книги «Журналистика Казахстана. Энциклопедия» Л.П. Нода стала лауреатом премии Союза журналистов Казахстана.

В 2011 получила престижную Пушкинскую премию для учителей стран СНГ и Балтии.

Пишет она не только для СМИ, но и для души. В её активе множество рассказов, опубликованных в журналах и на сайтах. Некоторые её литературные произведения стали победителями конкурса на лучший рождественский рассказ, конкурса короткой прозы и других.

можно найти иллюстрации как лучшей работы журналистов, так и халтуры.

Как бы это патетически ни звучало, но даже самая маленькая заметка требует от корреспондента частичку его души. Зачастую под публикациями и в авторстве новостей и программ стоят знакомые фамилии бывших студентов Л.П. Ноды. Недавно приходила выпускница бакалавриата и магистратуры КазНУ имени аль-Фараби Ольга Ходорева, которая говорила, что благодаря наставничеству Ларисы Павловны она и другие сокурсники пришли в редакцию, а многие до сих пор верны профессии, которой учились в университете. Она вспоминала много интересных эпизодов, причём не только из аудитории, но и редакционного коридора, где была коллегой с Ларисой Павловной по редакции.

Опять же, теми, кто сидит сегодня за студенческой скамьей, считает наставник, каждый материал должен восприниматься с использованием критического мышления. Как обычно говорят, что лучше-то учиться на чужих ошибках.

В архиве преподавателя – тысячи публикаций газет и журналов, эфирная вёрстка радио и телевидения, которые каждую пару помогают новым поколениям журналистов формировать стиль, преодолевать муки творчества, в конце концов, стать популярными. В папках преподавателя



Новые медиа

Маркеры её занятий – информационная насыщенность, чёткая структура и эмоциональность, которые являются своеобразным знаком качества. И не только Ольга Ходорева, многие выпускники были в университете за последнее время, и многие признавались, что порой скучают по тем временам, когда слушали лекции Л.П. Ноды.

И не удивительно, ведь несмотря на возможности компьютерных девайсов пишут нынешние студенты и в тетрадях, которые бесхитростно подписывают «Нода». Ясен день: что бы она ни вела, она всё это делает по высшему разряду. Мы сами можем честно засвидетельствовать: и мы учились у Ларисы Павловны.

### Редактор с безупречным вкусом

Лариса Павловна ведёт один из сложных предметов «Расследовательская журналистика». Такой журналистики нашим СМИ не хватает. Но занятия в университете помогают сохранять и развивать потенциал столь сложного медийного направления.

Как обычно, новая тема, и преподаватель вместе со студенческой аудиторией погружаются в рассмотрение технологий поиска и показа тех явлений, которые многие, особенно властные, предпочитают скрывать.

Лариса Павловна сыплет вопросами: «Какие источники уже использованы? А какие недоступны? Где ещё можно найти ниточки, ведущие к истокам события? А теперь сами пишем статью». Только так Лариса Павловна закладывает фундамент будущей гиларовских, песковых, булкышевых. Впоследствии студенты выбирают расследовательскую журналистику в качестве темы для дипломной работы.

Вместе с разными поколениями студентов выпускает уже много лет учебную газету «Журналист», раньше на бумаге, и черно-белые номера, и цветные, а теперь уже в электронном и цифровом формате.

Редактор Л.П. Нода – высшего класса, ни одной ошибке и опечатке не скрыться, требования к текстам как в настоящих редакциях, студентам приходится по несколько раз самим исправлять написанное, чтобы материал можно было действительно поставить на полосу. Потому выпуски «Журналиста» всегда интересны и безукоризненны с профессиональной точки зрения.

В журналистике от «А» до «Я» дока – с момента её зарождения до современной коммуникации – всё знает, во всём разбирается и во всём права Лариса Павловна. Но по-прежнему, наперегонки со своими воспитанниками, осваивает и новые премудрости, которыми сейчас быстро пополняется профессиональная копилка.

В журналистике давным-давно присутствует дилемма, с которой редко кто справляется: с одной стороны, нужно быть самому высококлассным журналистом, с другой – нужно уметь учить других. Такая гармония, знает ли, большая редкость, и везение – обладать обоими навыками в полной мере.

Много лет отдав радийной стезе, она работала консультантом программ и новостей на телеканалах «Южная столица» (ныне «Алматы») и «Казахстан», вела страницу для родителей «Взрослым о детях» в газете «Суббота плюс», «Столичное обозрение» и «Класс-тайм», была главным редактором журнала «Наш»,



На встрече с выпускниками 1992 г. 27 августа 2022 г.

шеф-редактором криминального еженедельника «Опасная зона».

А сколько раз просили другие редакции выручить, подготовить материал, она никогда не отказывала, потому её фамилию можно встретить и в других изданиях страны. Но сколько бы ни соблазняли учредители и главные редакторы перейти на постоянную работу в редакцию, она не поддавалась. И почему так? Потому что



28 апреля 2017 г. на открытом уроке «Язык. Культура. Музеи»

она знает, как и чему учить на журфаке. Потому что сама высококлассный журналист. Так и совмещает два в одном.

В нынешней эпохе журналистика стала ещё более сиюминутной и прагматичной. Рынок диктует абсолютно и хорошее, и плохое. Так печально, что наши коллеги, наши выпускники зачастую испытывают стрессы из-за деформации реальности. Множество новых направлений появилось за последнее время, но основа медийного пространства – работа редакций – осталась. Блогинг, соцсети – это всё же иной формат. Редакции стали конвергентными, мобильными, в них порой работают пара-тройка человек, но они выполняют обязанности журналиста профессионально. Так, как учила всегда Лариса Павловна.

А ещё в её арсенале любимое занятие – редактирование текстов. Она редактирует авторов, книги которых сразу становятся лауреатами престижных литературных конкурсов.

### И мастерство, вдохновенье

Более 15 лет Л.П. Нода – худрук студенческого театра «Эйдос». В нём служили многие поколения не только студентов журфака, но у других факультетов – дверь для всех открыта. На общественных началах, в своё свободное время, находя место для подготовки, репетировали спектакли, среди которых «Аптека счастья»,

«Про Федота-стрельца, удалого молодца», «Пока ждёт автомобиль», «Тартюф», «Варшавская мелодия», «Ох уж эти ловеласы!», «Баба Яга пишет» и многие-многие другие. Потом показывали их не только на университетской сцене, но и в школах, общежитиях, детских домах, на торжественных мероприятиях, а также принимали участие в конкурсах. Ежегодно участвовали в международном



Обсуждение «Бунта невесток»

фестивале-конкурсе молодёжных театров «Солнечный круг», что устраивал ТЮЗ имени Н.Сац. Кстати, спектакль «Ох уж эти ловеласы!» на самом первом фестивале завоевал Гран-при. Показывала его и на малой сцене театра имени М.Лермонтова. На каждом фестивале «Эйдос» представлял огромную программу: тещи, проекты «Театр будущего», афиши, рецензии на спектакли ТЮЗа и, конечно же, спектакли, сценарии к которым писали сами. Ребята не только превращались в артистов, но и учились писать рецензии на театральные постановки. Всё делали сами: писали сценарий, готовили музыкальное оформление, шлифовали театральную технику. Три Гран-при международных театральных конкурсов, множество первых мест – в её копилке.

Кстати, на каждом фестивале активно работал студенческий

пресс-центр: писали обо всех мастер-классах и конкурсах, брали интервью у участников и их руководителей, вывешивали всё в режиме реального времени. Три дня – три мощных печатных и мультимедийных газеты!

Нода вела рубрику «Трибуна начинающего критика» на старом сайте ТЮЗа имени Н.Сац. Ходили со студентами на спектакли и писали-писали, оттачивали мастерство театрального критика – отличная школа для будущего журналиста. Огромный труд!

Готовили реквизит, кстати, из отпускных поездок Лариса Павловна что-нибудь да привозила для своих спектаклей из Таиланда, Турции, России.

Студентов она умеет и зажигать, и вдохновлять. В декабре 2020 года студенты журфака КазНУ провели большое исследование и создали лонгрид «Мы в вечном долгу у казахского народа. ТОЧКА НЕВОЗВРАТА – КАЗАХСТАН». В заочном туре международного конкурса «Битва журфаков» СНГ команда студентов журфака КазНУ имени аль-Фараби под руководством Ноды завоевала Гран-при. А на самой битве в Калининграде смогла составить достойную конкуренцию в направлении решения социальных проблем «тотальной журналистикой».

Нода – грантер фонда Internews при финансовой поддержке USAID (2022). В конкурсе «Интерьюса» по медиаграмотности по достоинству был оценен проект «Свобода 55», результатом которого стал аудиоспектакль, рассказывающий о киберугрозах, свободе личного выбора и свободе слова, а также затрагивающий тему январских событий в стране. Иммерсивный, значит, обеспечивающий полный эффект присутствия, погружающий в виртуальную среду. В подготовке аудиоспектакля также были задействованы студенты журфака.

Студенты Л.П. Ноды – участники научных конференций, завоевывают места в профессиональных конкурсах и олимпиадах, на-

пример, на ежегодной международной научной конференции МГУ «Ломоносов», международной премии для СМИ Nevsky award.

Уже шесть лет в конце года по инициативе Ларисы Павловны проводится международный конкурс-конференция студенческих проектов «Новые медиа в новую эпоху», где студенты из разных стран разных гуманитарных специальностей презентуют самостоятельно и командах результаты собственных исследований в сфере коммуникаций. Конкурс направлен на выявление соответствия индивидуальных или командных работ профилю обучения, проверке оригинальности и креативности, чёткого интерпретирования раскрываемой проблемы.

Студенческая наука на журфаке КазНУ развивается, трансформируются темы, углубляются проблемы. Главное – у учащихся есть большое желание исследовать медиа.

А ещё ежегодно она на журфаке КазНУ по своей инициативе проводит Бельгерские чтения и Бендицкие чтения. Эти знаковые фигуры Казахстана много писали, их публицистику читают и анализируют студенты-журналисты, учась на примере лучших. В ноябре 2024 года на факультете журналистики КазНУ имени аль-Фараби под руководством Ноды состоялись III Бельгерские чтения, приуроченные к 90-летию выдающегося казахстанского публициста, писателя, литературоведа, эссеиста, переводчика. Студенты анализировали многовекторное публицистическое творчество уникального деятеля культуры и науки Герольда Карловича Бельгера. Сценка «Диалог отца и дочери», показанная участниками студенческого театра «Эйдос», завершила Бельгерские чтения, ставшие традиционными на факультете журналистики КазНУ имени аль-Фараби. Произведения великого Бельгера, Герольда-ага, читают, анализируют, помнят, чтут. Это главное.

Л.П. Нода активно подключилась несколько лет назад к идее этического регулирования профессии, чего так не хватало в стране, став соучредителем общественной организации «Казахстанская Медиа Сеть», которая активно поддерживала тренд по медиаэтике. Тренинги, анализ кейсов – работы много. Старания общественников стали заметны и оценены журналистским сообществом страны.

А ещё под её руководством 16 лет подряд совместно с республиканской газетой «Дружные ребята» проходит ежегодный Форум юных корреспондентов. Огромная работа с абитуриентами, конкурс эссе и мультипроектов, приход на учёбу именно на журфак КазНУ – её заслуга.

В жизни найти любимое дело и быть преданным ему – это большая удача. Преподавать настоящую журналистику – это точно её. Сколько всего успела сделать Лариса Павловна, чей талант, кипучая и могучая энергия знают её студенты и коллеги.

И все мы с большим удовольствием поздравляем её с 60-летием и желаем долгих лет, крепкого здоровья и творческих побед!

**Айгерим АЛЖАНОВА,**  
кандидат филологических наук, доцент КазНУ имени аль-Фараби,  
заведующая кафедрой печати и электронных СМИ,  
Александр РОЖКОВ,  
кандидат филологических наук, доцент КазНУ имени аль-Фараби



## «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫ

## Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты мақсаты – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу болса, осы бағыттағы жоспарды жүзеге асыру мақсатында мектебімізде «Төрт тоқсан – төрт өнер», «Тоғыз ай, тоғыз іс-шара», «Оқуға құштар мектеп» жобалары аясында көптеген мәдени іс-шаралар мен байқаулар өз дәрежесінде өткізілуде. Бұл күнде мектебімізде әр аптаның дүйсенбі күні ұлттық құндылықтарға бағытталған тәрбие сағаттары мен аптаның дәйекті сөздері оқушыларға кең көлемде таныстырылып келеді.



**Макпал КАСЕНОВА,**  
М.Ломоносов атындағы  
№5 орта мектеп-лицейі  
директорының тәрбие ісі  
жөніндегі орынбасары,  
Жетісу облысы,  
Талдықорған қаласы

Сынып сағаттары мен тәрбие іс-шаралары шеңберінде: тәрбиенің құндылықтарын негізге алып, әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қас-терлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен саламатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға ықпал ететін дөңгелек үстелдер, пікірталас талқылау, рөлдік ойындар, кейстерді шешу және басқа да түрлі форматтарда өткізіліп келеді. Мектебімізде

бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруда білім алушылардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және олардың жас, жеке, психологиялық ерекшеліктері ескерілген. Іс-шаралардың мазмұнын білім беру ұйымының басшыларымен, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен, педагог-психолог мамандармен алдын ала келісіп, ауқымды іс-шаралардың нәтижелі жүзеге асырылуы басты назарда.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында бірінші тоқсанға арналған «Ақындар айтысы» ұйымдастырылып, оған мектебіміздің ұлттық өнерге қызығушылықтары басым шәкірттері қатысып, бақ сынады. Аталған бағыттағы ілімді іс-шаралар мен келелі жиындар тұрақты түрде өткізіліп, ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән беріліп келеді. Мұғалім, оқушы, ата-ана үштігінің мектептегі ілім мен тәрбие шеңберінде бірлесе жұмыс істеуі саналы ұрпақ тәрбиелеу бағытындағы жұмыстар өз жемісін беріп келеді. Бағдарлама аясында мектебімізде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы ашылды. Орталықтың басты мақсаты – балаларды тәрбиелеуде мектеп пен отбасы арасындағы өзара байланысты күшейту, позитивті ата-ана мәдениетін дамыту, балалар-

дың әл-ауқаты мен үйлесімді дамуын қамтамасыз ету үшін оң тәрбие мәдениетін қалыптастыру.

Ата-аналарды педагогикалық қамтамасыз етудің басты міндеттері – балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік құзыретін дамыту үшін ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру, балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы білім беру ұйымы мен отбасының өзара іс-қимылын күшейту, ата-аналардың отбасылық тәрбие процесіндегі балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге уәждемесін арттыру. Бұл басымдықтар ұлттық құндылыққа негізделген «Даналық мектебі», «Әкелер мектебі», «Аға, жеңгелер мектептері» арқылы жүргізілуде. Халқымыздың асыл мұрасы болған ұлттық құндылықтарымызды бала бойына дарытуда, ұмытылып бара жатқан құндылықтарымызды қайта жаңғыртып, салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды насихаттап, ұлттық ойындарымызды дәріптеуде бұл бағдарламаның берері мол, маңыздылығы ерекше болып табылады. Ұлттық ойындар баланың ақыл-ойының жетілуіне, адамгершілікке, шапшандыққа, саламатты өмір салтын ұстануға, жүйрік болуға үйретеді.

## ИНФОРМАТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢА ДӘУІР

## Жасанды интеллект (AI) және машиналық оқыту (ML)

Жасанды интеллект (ЖИ) – компьютерлік жүйелер мен бағдарламаларды адам интеллектінің кейбір функцияларын, мысалы, оқыту, түсіну, жоспарлау және мәселелерді шешу қабілеттеріне сәйкестендіру. ЖИ технологиялары әлемді түбегейлі өзгерту үшін күшті құрал болып табылады әрі олардың қолдану салалары күннен-күнге кеңейіп келеді.

Жасанды интеллекттің мақсаты – адамның ойлау процесін модельдеу ғана емес, сонымен қатар адамдардың күнделікті өмірін жақсартуға, бизнес, ғылым, медицина, өндіріс сияқты салаларда өнімділікті арттыруға көмектесу. Жасанды интеллект – информатикадағы ең қарқынды дамып жатқан бағыттардың бірі. Машиналық оқыту әдістері медициналық диагностика, қаржы саласындағы болжамдар, робот техникасы және тағы да басқа салаларда кеңінен қолданылады. GPT, DALL·E сияқты үлгілер адамның табиғи тілін түсініп, өңдеуге қабілетті, бұл технологияларды практикалық қолдану-

та жаңа биіктерге көтеруде.

Жасанды интеллект (AI) – бұл адамның интеллектуалды қабілеттерін имитациялайтын машиналар мен бағдарламаларды жасауға бағытталған ғылым мен технология саласы. Жасанды интеллект тарихы бірнеше маңызды кезеңдерден өтті, әрқайсысы жаңа идеялар мен технологиялық жетістіктерге негізделді. Жасанды интеллекттің тарихы – бұл ғылыми жаңалықтар мен практикалық жетістіктердің үнемі даму жолы. Болашақта AI технологиялары адамның күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналып, интеллектуалды мәселелерді шешуде маңызды рөл атқара-

тыны сөзсіз.

Информатика саласындағы жаңа дәуір тек техникалық емес, сонымен қатар әлеуметтік және этикалық мәселелерді де қамтиды. Жасанды интеллект пен деректерді пайдалану әдістеріне қатысты қоғамда маңызды сурақтар туындауда: жеке деректерді қорғау, алгоритмдік әділеттілік және технологияның әлеуметтік әсері. Жасанды интеллекттің болашағы жарқын. Технологиялар одан әрі дамып, біздің өмірімізді сапалы түрде өзгертуі мүмкін. Дегенмен, ғылыми және әлеуметтік аспектілерді ескеру маңызды.

**Катира АКБЕРДИЕВА,**  
«Өрлеу» БАҒО» АҚФ  
Түркістан облысы және  
Шымкент қаласы  
бойынша КДИ» филиалы,  
Түркістан облысы  
бойынша өкілдігінің  
«Жаратылыстану және  
гуманитарлық пәндерді  
оқыту әдістемесі»  
кафедрасының  
аға оқытушысы

## ПРЕДМЕТ ИЗУЧЕНИЯ

## Декада естественно-математического цикла

Известно, что математическое образование вносит неоценимый вклад в формирование общей культуры подрастающего поколения, его мировоззрения, способствует эстетическому воспитанию ребёнка, пониманию им красоты и гармонии окружающего мира, развивает его воображение и пространственное представление, аналитическое и логическое мышление, побуждает к творчеству и развитию интеллектуальных способностей.

являются предметные декады, которые представляют комплекс взаимосвязанных мероприятий, направленных на развитие познавательного интереса, интеллектуальных и творческих способностей школьников. Такая работа не только способствует повышению квалификации учителя, но и требует от него дополнительных усилий, проявления творчества, что не всегда получается в повседневной педагогической деятельности. Учителя ставили перед собой следующие цели: развитие творческих способностей и интереса к математике, информатике, физике, биологии, географии, химии.

**С.МИРОНОВА,**  
руководитель МО ЕМЦ  
**Н.МУХПУЛОВА,**  
замдиректора по ВР  
КГУ ОШ №160  
Алатауский район  
г. Алматы

Одним из наиболее важных факторов успеха является интерес к предметам естественно-математического цикла. Совокупной формой методической, учебной и внеклассной работы в школе



## LESSON STUDY

## Сабақтарда жаңа зерттеу әдісін қолдану

Lesson Study – ұстаздар тәжірибесіндегі білімді жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық зерттеу жұмысы. Lesson Study – алдымен жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдаудан тұрады. Бұл зерттеу әдісіне құжаттарды бірлесіп жүзеге асыратын оқытушылар тобы қатысады. Lesson Study-дің циклін өткізген соң, оқытушылар педагогикалық зерттеулерді түрлендіріп немесе жетілдіріп, кейіннен ашық Lesson Study, таныстырылым өткізу, баспада жариялау арқылы әріптестеріне таратады.



**Макбал МЫРЗАХМЕТОВА,**  
Жамбыл политехникалық  
жоғары колледжінің  
оқытушысы, Тараз қаласы

Lesson Study әдісін қолданудың тиімділігі туралы өз тәжірибеммен бөлісер болсам: біріншіден, сабаққа дейін LS тобын құру, LS-тің мақсатын және күтілетін нәтижелерді айқындау, мәселенің теориялық мазмұнын ашу, мүмкін шешімдерін таңдау, сабақты бірлесіп жоспарлау, бақыланатын білім алушылар мен шағын топтарды, бақылау барысы мен интервьюде қолданылатын құралдарды таңдау, білім алушылардан сабаққа дейін сұхбат алу. Екіншіден, сабақ кезінде білім алушы-

ларды бақылау. Үшіншіден, сабақтан кейін білім алушылардан сабақтан кейінгі сұхбат алу, сабақты талқылау, сабақ жоспарына өзгерістер енгізу, сабақ жоспарының жақсартылған үлгісін дайындау кезеңдерінен тұрады. Осы ұстанымдарды оқытушылар тобымен қолданса, олардың кәсіби әрекеттері «Бірлесу, ақылдасу, қолдау» ұғымдары аясында жүзеге асырылады. Осылайша, сабақты зерттеу ұстаздарды тұрақты түрде, толассыз кәсіби шеберлігін дамытуға ынтылаңдырып, ұжымдағы ынтымақтастықты дамыта түседі. Біздің арнаулы оқу орнындағы пән сабақтарында «Lesson Study» зерттеу әдісін қолдану биыл екінші жыл үздіксіз жүргізіліп келеді.

Алдымен, зерттеу тобы ретінде 1 топ алынып, сол топқа сабақ жүргізетін жалпы пән оқытушылары қамтылды. Екінші кезеңде арнайы пән оқытушылары жұмылдырылды. Ал, осы жаңа оқу жылынан бастап, қазақ әдебиеті сабағы бойынша бірнеше топтар қатыстырылды. Айтарлықтай нәтижелер көріне бастады. А, В, С топтарындағы оқушыларға зерттеу жұмыстары жүргізілді. Топ отырыстарында топтың міндет, мақсаттары, зерттелетін білім алушылар, жұмыс бағыттары талқыланды. Нәтижесінде колледж ұстаздары облыс көлемінде ашық сабақтар мен панорамалық сабақтар өткізіп, тәжірибелерімен бөлісті.

## ЖАС ҰРПАҚ

## Тәрбие тал бесіктен басталады

«Тәрбие басы – тал бесік» екендігін дана халқымыз бекер айтпаған. Ең алдымен, бізге білім емес, тәртіп керек. Себебі, білім алу үшін тәрбиелі, инабатты болу қажет. Халқымыз қашанда бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Қазіргі таңда болашақ ел жастарымыздың тәрбиесі құлдырау үстінде. Сол себепті де, алдын ала бұл істі қолға алу қажет.



қарап, өзі де сол көргендерін істеу мақсатында әрекет жасайды. Осыған байланысты, «Ұядан не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дейді қазақы қағида.

Сондықтан, баланың ең әуелі өсетін ортасы, отбасы тәрбиесіне өте терең көңіл бөлу керек. Баланың көп уақыты отбасымен бірге өтеді. Сол себепті, ата-ана балаға үніле қарап, үнемі бақылап, қадағалап отыруы керек. Егер отбасында жақсы тәрбие алған болса, өскенде сол тәрбиенің ізімен жүруі сөзсіз. Отбасындағы барлық адамдардың іс-әрекетіне, бала тәрбиесіне бірінші әсер етеді. Бала сол ортаға қарап өседі. Сол үшін балаға отбасындағы тәрбиені қоғамдық ортаға байланыстыра отырып берген әлдеқайда тиімді. «Адам тәрбиелеу, өзінің туған ұлы мен қызын тәрбиелеу – азаматтың ең бірінші аса маңызды қоғамдық қызметі, оның азаматтық борышы», – деп

В.Сухомлинский айтқандай, бала тәрбиесі отбасынан басталатынын ата-ана әрдайым жадында ұстауы тиіс.

Еліміз егемендік алып, өз мәртебесі биіктей түскен шақта ең алғашқы алға қояр міндеттің бірі – бала тәрбиесі, егемен еліміздің болашағын жалғастырушы ұрпақ тәрбиелеу. Сол жас ұрпаққа тәрбие беретін бүгінгі тәрбиеші мамандар тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдіс-тәсілдерін іздестіріп, күнделікті жұмыс барысында жаңашыл бағыттар қарастырып, оны өздерінің іс-тәжірибесінде қолданып отырса, бала тәрбиесі алға басары сөзсіз.

**Мөлдір КИЗАТОВА,**  
**Ғ.Салықов атындағы**  
**негізгі мектептің**  
**«Толағай» шағын**  
**орталығы,**  
**Шығыс Қазақстан**  
**облысы,**  
**Ұлан ауданы,**  
**Бестерек ауылы**

## ЕҢ ҮЗДІК КОМАНДА-2024

## Сыр елінің оқушылары биік белесті бағындырды

Астана қаласында биылғы қараша айының 26-30 күндері аралығында ауыл мектептерінің 9-11 (12) сынып оқушылары арасында жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша республикалық олимпиада өтті. Республикалық (төртінші) кезеңге еліміздің әр өңірінен бес жүзге жуық оқушы қатысты. Олар математика, физика, химия, биология, география және информатика пәндері бойынша өз білімдерін көрсетті.



Олимпиада Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасымен ұйымдастырылып, ауылдық оқушылардың дарындылығы мен қабілеттерін анықтау, олардың интеллектуалдық дамуына жағдай жасау және болашақ мамандықтарын таңдауға қолдау көрсету мақсатында өткізілді. Бұл олимпиадаға біздің аймақтан жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша қырық үміткер қатысып, жиырма бесі жүлделі орындарға ие болып, төрт шәкірт арнайы Алғыс

хатпен марапатталды. Жеті алтын мен 10 күміс және сегіз қола медаль иеленген Қызылорда облысы «Ең үздік олимпиадалық команда-2024» аталымымен бірінші орынды иеленді.

Олимпиадаға қатысқан ең жас қатысушы Қызылорда қаласындағы №169 орта мектептің 6-сынып оқушысы Балтабек Төре информатика пәні бойынша «Ең жас қатысушы» атағын иеленсе, Қазалы ауданындағы Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицейдің 11-сынып оқушысы Әділбек Анель химия пәні-

нен, Жалағаш ауданындағы әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейдің 11-сынып оқушысы Тұрсынбек Азамат физика пәнінен бірінші орын иеленген оқушыға арналған SDU Университетінің білім грантын жеңіп алды.

ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бектайұлы Бейсембаевтың: «Ауыл мектептерінің республикалық пән олимпиадасы» биыл екінші рет өтіп жатыр. Бұл республикалық білім жарысына ауылдан қатысатын үміткерлер ішіндегі жеңімпаздар санының 10 есеге артуына ықпал етіп, ауыл мектептеріндегі талантты жастарға жол ашып отыр. Мұндай іс ауыл баласын қанаттандырып қана қоймайды, олардың кіндік қаны тамған жерді танытуға, елін сақтауға деген ынты-ықыластарын оятары анық», – деген сөзі білімге құштар білімді балаларға қанат байлары анық.

«Бақ шаба ма, бап шаба ма?» дегендей, бабы мен бағы қатар шапқан оқушыларымызға, олардың ұстаздары мен мектеп ұжымына, ата-аналарына шынайы алғысымызды білдіреміз! Білім биігіне шығар білімді шәкірттеріміз көп болсын!

**Шарбану БАЕКЕЕВА,**  
**Қазалы аграрлы-**  
**техникалық колледжі,**  
**Қызылорда облысы**

## МАТЕМАТИКА САБАҒЫ

## Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту

Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі – оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. Математика сабағында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – оқушылардың математикалық білімін тек теориялық деңгейде ғана емес, сонымен қатар практикалық тұрғыда тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Функционалдық сауаттылықтың маңызы – ол бүгінгі қоғамда негізгі қажеттіліктердің бірі болып саналады. Ол арқылы оқушылар әртүрлі өмірлік жағдайларда сандық және логикалық ойлау қабілетін, проблемаларды шешу шеберлігін меңгереді. Оқушылардың математикалық сауаттылығы неғұрлым жоғары болған сайын, олардың күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді тиімді шешу мүмкіндігі соғұрлым арта түседі. Функционалдық сауаттылықты дамыту жолдары: функционалдық сауаттылықты дамыту жеке тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Осы тұрғыда бірнеше маңызды бағыттарды атап өтуге болады. Білім беру жүйесінің жаңаруы. Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты арттыруға бағытталған жаңа тәсілдер мен әдістер енгізілуде. Қазақстанда, мысалы, білім беруді жаңарту аясында PISA халықаралық зерттеулерінің нәтижелері негізінде оқу бағдарламалары

қайта қарастырылуда. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру. Мұғалімдер оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін арнайы әдістемелік дайындықтан өтуі керек.

Бұл оқушыларды ақпаратты дұрыс қабылдау және пайдалану дағдыларына үйретуді көздейді. Қоғамдық және экологиялық жауапкершілікті қалыптастыру. Функционалдық сауаттылықты дамыту үшін қоғамда экологиялық, әлеуметтік және экономикалық мәселелерге бейім тұлғаларды тәрбиелеу қажет. Математика сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, олардың математикалық білімін өмірде қолдана білу қабілетін қалыптастыруға бағытталған.

Бұл үдеріс математикалық есептерді күнделікті жағдайларға сәйкестендіру арқылы жүзеге асады. Функционалдық сауаттылық – оқушылардың өмірлік жағдайларда математикалық білімді қолдану қабілеті. Бұл дағдыны дамыту математикалық тапсырмаларды шынайы өмірмен байланыстыруды көздейді және оқушылардың сыни ойлау, логикалық байланыс орнату, мәліметтерді талдау және шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады.

**Айгерім ТАНИРБЕРГЕНОВА,**  
**«Өрлеу» БАҒО» АҚ**  
**«Түркістан облысы және**  
**Шымкент қаласы**  
**бойынша КДИ»**  
**филиалының**  
**аға оқытушысы**

## АРДАҒЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТУ

## Болашақ ұрпақтың парызы



Біздің білім ордасының оқушылары келесі жылы аталып өтілетін екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына сексен жыл толуы қарсаңында соғыс ардагерлерінің еңбектерін бағалап, құрмет көрсетіп, баталарын алу мақсатында қаламызда орналасқан «Шаңырақ» әлеуметтік орталығына барып, орталықта тұратын ардақты аға буын өкілдерімен арнайы кездесу ұйымдастырды.

Орталыққа бару арқылы қамқорлық қарттарымыздың көңілдерін аулап, бір сәтке болса да қуаныш сезімін сыйлап келді. Қариялармен жақын әңгімелесіп, хал-жағдайларын сұрап қана қоймай, аталардың басына тақия кигізіп, әжелердің иықтарына төгілген көк орамалдар жапты, аяқтарына киіп жүргенге жылы шұлықтар сыйлады. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» дегендей, қариялардың ақыл-кеңесі мен тәжірибесі – біз үшін ұлы қазына.

Балалар қарияларға сұраныстары

бойынша қажетті дәрі-дәрмектер, жемістер және жұмсақ тәттілер сияқты әртүрлі заттар апарып, қайырымдылық шарасын ұйымдастырды. Өз күштерімен көңіл көтеретіндей әндер, аспаптарда сазды әуендер мен күйлерді нақышына келтіріп орындады. «Атаға құрмет – ұрпаққа үлгі» демекші, оқушылар қарттар үйіне бару арқылы үлкендерді сыйлап, құрмет көрсету керек екенін түсінді.

Кейбіреулері көздеріне жас алды, әрқайсысы үлкен өмірге үлкен ой, мақсат түйіндеп қайтты. «Шаңырақ» орталығының әкімшілігі мектеп оқушыларына ризашылығын білдіріп, Алғыс хаттармен марапаттады. «Көп білгіштен көне білгіш» дегендей, бүгінгі буын өткеннің тәжірибесінен үйреніп, болашаққа жол салсын. Осы шараның ұйымдастырылуына өз үлестерін қосқан ата-аналарға ризашылығымызды білдіреміз.

**Гаухар МУСТАФИНОВА,**  
**№156 жалпы білім беретін**  
**мектеп директорының**  
**тәрбие ісі жөніндегі**  
**орынбасары,**  
**Алматы қаласы,**  
**Алатау ауданы**

## АШЫҚ ӘНГІМЕ

## Раиса ТУРЛЫБАЕВА: «Бастауыш – білімнің жүрегі»

Биылғы қыркүйек айының бірі күні жаңа оқу жылын бастаған бастауыш оқушысының сыныптан қашып, артынан мұғалімі қуып ұстағанын әлеуметтік желілердегі парақшалардан көбіміз көрдік. Бақырған бала білім алғысы келмейді... Әрине, бастауыш сынып мұғалімі – өте күрделі мамандықтың бірі десек, артық емес. Мектепке енді кірген сәбиден тіл табысу оңай болмас. Бұл бала психологиясын терең білетін маман. Мектеп есігін енді ашқан балаға жазу, сызу, уақытын тиімді пайдалану, қоғамда өзін дұрыс ұстау, жауапкершілік, уәдеде тұру және тағы да басқа білімнен өзге өмірлік қағидалы бойына сіңіретін осы ұстазы. Солтүстік Қазақстан облысындағы Жамбыл ауданына қарасты Пресноредутская жалпы білім беру мектебі директорының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, жалпақ жұрттың түрлі ой-пікіріне түрткі болған есте қаларлық қызық оқиғаның кейіпкері сол бастауыш сыныптың мұғалімі Раиса Турлыбаевамен әңгімелескен едік.



бірдей жақсы қарайтын болсақ, онда ол өте жақсы. Мысалы, бәріміз бірлесіп мерекеге дайындалғанда, балалар мұғалімге тез үйренеді, әсіресе, олармен ашық және адал болу қажет. Балғын шәкірттер өтірік айтқанды сезіп қояды. Баланы мейірім шуағына бөлеп, жақсы жағын мақтап, көңіл бөлсе жаман оқушы болмайды. Жалпы айтқанда, ізгілік көрмеген ұл-қызда қиын мінез-құлқ қалыптасып, ең бастысы, сабақ оқуға құлшынысы кемиді. Сондай-ақ, бастауыш – білімнің жүрегі екенін айта кетейін.

– Сіз мұғалім болуды таңдадыңыз, себебі...

– Бала кезімде достарыммен сүйікті ойыным мұғалім ретінде бірі-бірімізге білетінімізді үйретіп, сұрақтарға жауап беру болатын. Көршілес тұратын қатарлас құрбыларымызды бір қолайлы орынға жинаған соң, үлкен дәптерімізді алып, өзіміз ұстаз сезінген бала елеспен түрлі сабақ өткізетініміз. Жоғары сыныптарда мен үшін мұғалім білімді, тәрбиелі, әрқашан таза әрі әдемі киінген, құрметті адам болды. Мектептің тынымсыз тіршілігі – үлкен өмірдің қайнаған ортасы болғандықтан, өскелең ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру барысында күн сайын әртүрлі қызықты оқиғалар мен көңілді жағдайлар жиі қайталанып тұратындығы, әрине, қалыпты құбылыс.

Әрбір мамандық иесіне бірсырындылық ұнамайтынын білемін. Мен үшін де жақсы жаңалықтармен бір күнді екіншісінен дара лап тұратын мәнді өзгерістердің маңызы зор. Бірақ, әрине, балалардың құқығына қайшы келетін немесе басқа да заңсыз әрекеттер кезікпеуі үшін және олардың денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін кез келген қатердің алдын алу іс-шараларын жасауға барын-

ша мүдделіміз. Бұл әрбір ұстаз үшін мемлекеттің тарапынан тапсырылған үлкен жауапкершілік және ата-аналардың арқалатқан зор сенімі. Сондықтан, бізге ең бастысы, мектепке оқу үшін келген барлық ұл-қыздардың амандығы маңызды.

– Сіз өз оқушыларыңызды үш сөзбен қалай сипаттайсыз?

– Қызығушылық танытатын, мейірімді және көңілді.

– Сіз үшін мұғалім жұмысының ең маңызды және құндылығы неде?

– Баланың жасырын қабілеті және талант немесе дарынын ашу. Кезінде алдыңғы аға буын өкілдерінің әріптестік ақыл-кеңесін тыңдап, жинаған мол тәжірибелерінен тағылым алғандықтан шығар жаңа заман жастарының бойынан әлі де ашылмаған мол әлеуеттің бай қоры барын байқаймын. Олармен шынайы шығармашылық жұмыстар жасаудың барысында қарымы мен қабілеттері басқа қырынан таныла бастағанда шәкірттерге қоса ата-аналары да таңғалады.

– Жақсы сұрақ екен. Бастауыш мектеп үшін оқу-әдістемелік құралдарын дайындау бағытындағы мүмкіндігімізді сынап көргім келеді. Кітап жазу үшін баланың жанын жақсы біліп, терең түсінген дұрыс деген ойдамын. Осы орайда бастауыш сыныптың мұғалімі таңдаған мамандығына адал әрі ұдайы ізденуден жалықпайтын жігерлі жан болуы қажет. Себебі, ол балғындарға күнделікті сабақ беріп, рухани тәрбие тағылымдарын дарыту барысында шәкірттерінің мінез-құлқына қоса зейіні мен зердесін жан-жақты сарапқа салып, қорытылған нәтижелерді тең дәрежеде таразылай алады.

– Цифрлық технологиялар сіздің жұмысыңызға қалай көмектеседі?

– Иә, олар уақытты үнемдейді, жаңа идеялар мен мүмкіндіктер ұсынады, баланың сабаққа қызығушылығын арттырады, тіпті оларды жаңа цифрлық ресурстармен таңғалдырады.

– Жас мұғалім болу қиын ба?

– Мен әртүрлі жас мұғалімдерді көрдім, тәлімгер болдым және

онда тәжірибенің жетіспеушілігі тез шешіледі. Ал, егер жас мұғалім білім беру саласына мүлдем басқа мақсатпен келіп, балаларға немқұрайды қараса, онда оған мектепте жұмыс істеу өте қиынға соғары анық.

– Сіздің жұмысыңызда ең қызықты нәрсе не?

– Ең алдымен, баланың эмоциясын көру. Энергиясын сезіну қандай керемет. Олар жасаған жұмыстарымен, өмірлеріндегі маңызды оқиғалармен бөліскенде сезінетін қуаныш пен мақтанышты айтып жеткізе алмаймын. Екіншіден, менің мектебімдегі ұйымшыл ұжымның бірлігі бекем. Олар бір-біріне қолдан келгенше көмектесуге, қолдауға әзір. Ең негізгісі – қажет кезде қуанышымызға ортақтасып, жетістіктерімізге риясыз қуана аламыз. Барлығы да біліміне біліктілігі сай мықты мамандар.

– Бастауыш мектептің ата-аналарына берер кеңесіңіз?

– Балаға жаңа нәрсені байқап көруге тыйым салмау, яғни пайдалы қызығушылыққа қатысты. Телефондағы ойын емес, әрине. Егер ата-ана баласының қабілеті жоқ әрі бұл уақытты босқа жоғалту деп ойласа, ол дұрыс емес. Қайта балаға ерік беріп, өздігінен байқап көргені дұрыс. Өйтпесе, сәби «менен ештеңе шықпайды» деп, өмірге құлшынысы жоғалып, өзін басқалардан кем санауы мүмкін. Сондықтан, ол кенжелей келіп, болашақта жаңа нәрселерге дер шағында қол жеткізе алмайды.

Егер өздігінен бір нәрсені жасау басталса, онда оны мақтап, ары қарай дем беру керек. Талай мықтылардың атақты атануы, ең алдымен, ата-анасының қолдауынан. Демек, баланың шырағын бірінші жағатын ата-ана. Ал, біз, ұстаздар қауымы онсыз да әр балаға мейірім танытып, көмек беруге қашанда дайынбыз. Өйткені, олардың жақсы, білімді болып өсуі – біздің де төтті жемісіміз және жеңісіміз.

– Ашық әңгімеңізге рақмет.

Сұхбатты жүргізген  
Саняя СҮЛЕЙМЕН,  
Астана қаласы



«Бұрын қалай байқамадық?», – деген орынды сауалдарына нақты жауап іздей бастайды.

– Сіз өзіңізді кәсіби тұрғыда қалай дамытасыз, қандай дағдыларды қосымша игергіңіз келеді?

шын мәнінде, бәрі адамның өзіне байланысты. Егер ол өзінің жүрегіне жақын мамандығын дұрыс таңдаған болса, балаларды жақсы көрсе, оларға бір нәрсені үйретуге талпынса, өзінің жұмыс нәтижесін көруге ынталы болса,



<p>Бас редактор: <b>Ләззат Мақсұтқызы</b> Түркістанова</p>	<p>«Білімді ел – Образованная страна» Республикалық білімділік қоғамдық-саяси газеті. Меншік иесі: «Қазақстандық білім беру газеті» ЖШС. Тіркеу туралы куәлігінің нөмірі №16015-Г Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетімен 02.06.2016 жылы берілген. Жазылым индексі 54603.</p>
<p>Редакция мекен жайы: ҚР 010000, Астана қ., Қабанбай батыр к-сі, 58 А НП 18. E-mail: bilimdi_el@mail.ru</p>	<p>Шығарушы редактор: <b>Жанет Сүлейменова</b> (тел. 87015304959 – жарияланымдар бойынша) Дизайн және беттеу: <b>Эрик Муратов</b></p> <p>Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды. Газет жарияланымдарындағы фактілер мен мәліметтердің шынайылығына авторлар жауапты, ал жарнамалар мен хабарландырулар бойынша жауапты тұлғалар – жарнама берушілер. Газет «Астана Интер-Трейддинг» ЖШС баспаханасында басылған, Астана қ-сы, Жұбанов к-сі, 24/1.</p> <p><b>Таралымы: 15 000 дана</b> <b>Тапсырыс: 240</b> Газет апта сайын сейсенбіде шығады</p>

## МӘРТЕБЕЛІ МЕРЕҮ



## Білім беру жүйесіндегі үлгілі тұлға

**Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығының ұжымы білім беру саласының көрнекті маманы, өз ісінің нағыз шебері – Ләззат Баимбетованың 60 жылдық мерейтойын атап өтуде. Бұл мерейтой тек бір адамның жетістігін ғана емес, қазақстандық білім беру саласының дамуына қосқан елеулі үлесін атап өтетін маңызды күн.**

1964 жылы Торғай облысы, Қима ауданы, Запорожье ауылында дүниеге келген Ләззат Рысбекқызы еңбек жолын қарапайым бастауыш сынып мұғалімі болып бастады. Жас ұстаздың биік арманы мен табандылығы оны кәсіби биіктерге жетеледі. С.Сейфуллин атындағы Целиноград мемлекеттік педагогикалық институтында алған білімі оның болашақтағы жетістіктерінің берік негізін қалады. Қырық жылдан астам уақыт бойы білім беру саласында қызмет атқарған ол, қазіргі таңда Орта білім берудің оқу

басылымдарын сараптау бөлімін басқарып келеді.

Оның басшылығындағы жұмыс кәсіби шешімдерді дұрыс қабылдауымен және тыңғылықты сараптамасымен ерекшеленеді. Әлеуетті әріптесіміз еңбек жолында жаңартылған білім мазмұнын енгізу кезінде білім беру реформасына белсене атсалысты. Әсіресе, 2016 жылы жаңадан әзірленген оқулықтарды сараптау үдерісінің көшбасшысы ретінде ерекше көзге түсті. Ләззат Рысбекқызының қызметі мен жетістіктері үнемі жоғары бағаланып келеді.

Оның еңбегі ҚР Конституциясының 20 жылдығына арналған мерейтойлық медальмен және 2020 жылы «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталды.

Сонымен қатар, жинақталған тәжірибесімен журнал беттерінде де бөлісіп, жиырмадан астам ғылыми мақаласы жарық көрді. Тек кәсіби қабілеттері ғана емес, жеке қасиеттері де көптің құрметіне ие. Әріптестері оны көрегендіктің, жоғары жауапкершіліктің пен шынайы көшбасшылықтың үлгісі ретінде бағалайды. Ол әрдайым жаңашылдыққа

ұмтылып, білімін үздіксіз жетілдіріп келеді. Оның парасаттылығы мен мейірімділігі әріптестеріне үлгі болып, жастарды шабыттандырады.

Алпыс жылдық мерейтой тек өткенді саралап, жетістіктерді атап өту ғана емес, жаңа белестерге жол ашатын кезең. Біз мәртебесі жоғары мерейгерге мықты денсаулық, отбасылық амандық және кәсіби қызметте жаңа табыстар тілейміз. Құрметті Ләззат Рысбекқызы, Сізге шын жүректен алғысымызды білдіреміз. Сіздің еңбегіңіз – ел игілігіне қосылған қомақты үлес. Алдағы уақытта да Сіздің табысты жолыңыз жалғасын таба берсін!

**Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығының ұжымы**

## АҰМАҚТАР

▶ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

## Білім басшыларына арналған басқосу

Облыс әкімдігі мен білім басқармасының бірлескен қолдауымен Назарбаев Зияткерлік мектебінде аудан және қала мектептерінің директорлары үшін мектеп басшыларына арналған «Осу векторы» кәсіби диалог алаңы ұйымдастырылып, шараға арнайы қатысқан өңір жетекшісінің орынбасары Қайыржан Меңдіғалиев мемлекет тарапынан отандық білім саласын ілгері дамытуға ерекше көңіл бөлініп отырғанын айрықша атап айтты, – деп хабарлайды Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының баспасөз қызметі.

Іс-шара модераторы, білім басқармасының басшысы Елдос Сафуллин білім берудегі жүзеге асырудың табыстылығын анықтайтын басты тұлға – мектеп басшысы екендігіне тоқталып, кезекті кездесудің басты мақсаты – мектеп басшыларының басқару тиімділігіне ерекше көңіл бөлу екенін атап өтті. «Функционалдық сауаттылық және білім беру стратегиялары: BINOM және халықаралық тәжірибелер» тақырыбында «BI Education» ЖШС «Білім болашағы» қорының атқарушы директоры Ш.Кадырова сөз алса, «Мектеп директоры: менеджер, әлде көшбасшы?», Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті «Педагогика және психология» кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, университеттің «Білім берудегі инновациялар және цифрлық оқыту» орталығының ғылыми жетекшісі



С.Бахишева, «21 ғасыр. Онтология образования цифровой эпохи» тақырыбында педагогика ғылымының кандидаты Л.Обыденкина дайындаған ақпараттарын ұсынды.

«Мектеп директоры жұмысының негізгі көрсеткіштерін анықтау және өлшеу» жайында Орал қаласындағы НЗМ директоры А.Айтпукешев, «Тектілік феномені: дәстүр мен жаһандану» тақырыбында М.Өтемісов

атындағы БҚУ, доцент, тарих ғылымдарының кандидаты Ж.Жақсығалиев, «Жасанды интеллект құралдарын жүйелі түрде ендіру арқылы жобалық кеңсе мен мақсатты мектептер сапасын арттыру» туралы Edata.kz компаниясының директоры С.Кенжетханұлы, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы құндылықтарын пән мазмұнына кіріктіру» тақырыбында филология ғылымдарының кандидаты М.Медетбекова әңгімеледі.

▶ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

## Лицей шәкірті – өңірдің үздік оқушысы

Ақтау қаласындағы мамандандырылған IT-лицейдің 10-сынып оқушысы Бутантаев Рамазан талантты жастардың жетістіктері анықталатын жыл сайынғы «Жас қыран-2024» қалалық жастар сыйлығының «Үздік оқушы» аталымы бойынша жеңімпаз атанды. Ол жеке жетістіктері мектеп қабырғасынан тысқары шыққан ерекше оқушы және еліміздегі лингвистика бойынша олимпиадалық құрамасының тұрақты мүшесі ретінде жыл сайын көшбасында келеді, – деп хабарлайды Маңғыстау облысы білім басқармасының баспасөз қызметі.

Өткен жылы ол Азия-Тынық мұхиты олимпиадасына қатысып, еліміздегі үздік қатысушылардың қатарына енді және Түрікменстандағы халықаралық математика байқауында қола жүлдемен марапатталды. Бұл жетістіктер оның ғылымның әртүрлі салаларында терең білімге ие екендігіне нақты дәлел. «Жас қыран-2024» сыйлығы оның тек оқу жетістіктерін ғана емес, сонымен қатар жастардың зияткерлік әлеуетін дамытуға қосқан үлесін де мойындағанын білдіреді.

«Үздік оқушы» аталымында бақ сынаған үміткерлердің арасындағы бәсекелестік өте жоғары болды, бірақ Рамазанның жетістіктері оны қатарластарының арасынан ерекшелендірді. – Бұл марапат мен үшін жаңа биіктерге ұмтылуға күш-жігер сыйлайды. Мұғалімдеріме, мектебіме және отбасыма қолдау көрсеткені үшін алғысым шексіз.



Халықаралық олимпиадаларға қатысу мені ғылымға кеңінен қарауға, өзімді дамытуға және тәуелсіз мемлекетіміздің атынан әлемдік деңгейде өнер көрсетуге үйретеді, – дейді ол.

▶ ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

## Ұлттық мұра – болашақтың қайнар көзі

Баянауыл ауданындағы Қ.Кемеңгеровтің есімін иеленген жалпы орта білім беретін мектептің базасында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру мақсатындағы «Ұлттық мұра – болашақтың қайнар көзі» тақырыбында облыстық семинар ұйымдастырылды. Бұл басқосуға облыстық білім басқармасының бас маманы Гүльсим Рамазанова, облыстық Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған гимназия-интернаты директорының тәрбие ісі бойынша орынбасары Гульдана Темиржанова қатысты, – деп хабарлайды Павлодар облысы білім басқармасының баспасөз қызметі.

Сонымен қатар, іс-шараға Ақсу қаласы, Аққулы, Ақтоғай, Тереңкөл, Шарбақты, Май, Баянауыл, Павлодар аудандарының білім бөлімдерінің әдіскерлері мен білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарлары да арнайы шақырылған болатын. Семинарда Баянауыл ауданының білім беру

ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасындағы бағыттарының жүзеге асырылуын көрсететін тәрбие сағаттарымен Қ.Кемеңгеров, Д.Рахметов және Үшқұлын мектептері бөлісті. Майқайың өнер мектебі фетр материалымен шеберлік сағатын көрсетті. Шадыра мектебі оқушылар жа-

саған қолөнер көрмесін ұсынды.

Қ.Кемеңгеров мектебі «Өкелер» және «Мирас» ұлдар клубындағы асық ойнау, садақ ату шеберліктерін ортаға салды. «Ұл бала – ұлт болашағы» шеберлік сағатында мектептің технология пәнінің мұғалімі Ерлан Аблешов сүйектен түрлі бұйымдар жасау



техникасын көрсетіп, көрме қойды. «Өкелер» клубының мүшелері жеті қазынаға кіретін тазы итінің тарихын, қыран бүркіттің маңыздылығы мен қазақ халқында күнделікті тұрмыста қолданылуы туралы тарихқа сүйеніп ақпа-

рат берді. Баянауыл аудандық білім бөліміне қарасты мобильді топтың «Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеудің ұтымды әдістері» тақырыбындағы шеберлік сағаты ұйымдастырылды.